А. Б. Ақпаева, Л. А. Лебедева

МАТЕМАТИКА

№ 7-жұмыс дәптер

Арнайы мектептердің (сыныптардың)
көру қабілеті бұзылған (нашар көретін)
4-сынып оқушыларына арналған

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
тапсырысы бойынша

Алматы
2021

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3
А37

Төмендегі оқу басылымы бойынша басылады:
Ақпаева Ә. Б. т.б.
А37 Математика. Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған № 4-жұмыс дәптері. 4 бөлімді. / 4-бөлім. Ә. Б. Ақпаева, Л. А. Лебедева. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 84 б., суретті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. 8 бөлімді. / 7-бөлім. – Алматы, 2021. – 72 б.

ISBN 978-601-347-069-6
7-бөлім. – 72 б.
ISBN 978-601-347-062-7

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-347-069-6 (7-бөлім)
ISBN 978-601-347-062-7 (Жалпы)

© Ақпаева А. Б., Лебедева Л. А., мәтіні, 2019
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2019

Құрметті оқушы!

Бұл жұмыс дәптерінде сабақта алған білімің мен білігіңді бекітесің. №1-тапсырманы орындап, өз жұмысыңа баға бер. Осы сабақта не үйренгеніңді жаз.

Мысалы:

№	Менің қолымнан келеді
1	Есепті қысқаша жазу.
2	Амалдар бойынша шығару.
3	Есеп бойынша өрнек құру.

№ 2-тапсырма саған математикадан алған біліміңді күнделікті өмірде қолдануды үйретеді және оны қалай қолданатыныңды тексер.

Теңдеу және теңсіздік, өрнек

131. Қос теңсіздіктер

Қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табуды үйренесің.

1. Сан сәулесіндегі шкаланың бөліну шамасын анықта. Сан сәулесінде қос теңсіздіктің шешімдер жиынын белгіле және оны фигуралы жақшаның көмегімен жаз.

$$50 < x < 55$$



$10 < x < 15$



$23 < x < 30$



2. Жас техниктер үйірмесіне 6 жастан жоғары, бірақ 18 жастан кіші балалар қатыса алады. Қос теңсіздік құр. Сан сәулесінде қай жастағы балалар үйірмеге қатыса алатынын көрсет.



№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	
4	
5	

132. Қос теңсіздіктерді шешу

Қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табуды үйренесің.

1. Қос теңсіздіктерді шеш. Шешімдер жиынын сан сәулесінде көрсет.

$$18 < x < 30$$



$$4 < x < 14$$



2. Оның шешуі бойынша қос теңсіздік жаз.





3. Эйлер дөңгелегін сыз. Есепті шығар.

Сыныпта 29 оқушы бар. Оның 15-і музыка үйірмесіне, 21-і математика үйірмесіне барады. Егер Болаттың бұл үйірмелердің ешқайсысына бармайтыны белгілі болса, қанша бала екі үйірмеге де барады?



№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	
4	
5	

133. Қос теңсіздіктер

Қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табасың.

1. а) Қос теңсіздікті жеке екі теңсіздікке алмастыр.

$$251 < x < 258$$

ә) Сан сәулесінің аралығында қос теңсіздіктің шешімдерін белгіле және оны фигуралы жақшаның көмегімен жаз.

$$123 < x < 135$$



$x = \{$ _____ $\}$

$$251 < x < 258$$



$x = \{$ _____ $\}$

2. Есептің шешуін жаз.

Отбасы 275 000 тг тұратын тоңазытқыш сатып алғысы келді. Ата-анасы айына 25 000 теңгеден жинайтын болса, алдағы уақытта тоңазытқыш сатып алуға болатынын есептеді. Тоңазытқыш сатып алу үшін қанша ай ақша жинау керек?

Дүкенге келгенде оларға бөліп төлеуге (несиеге) болатынын айтты. Шарттары мынадай болды: тоңазытқышты бірден үйге алып кете беруге болады, бірақ бір жыл ай сайын 28 000 тг төлеп отыруы қажет. Бөліп төлеуге алған тоңазытқыштың бағасы қанша болады?

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	
4	
5	

134. Теңдеулер

Күрделі теңдеулерді шешуді үйренесің.

1. а) Теңдеу құр. Сол жақ бөлігіндегі амалдардың орындалу ретін белгіле. Есептеп шығар.

Әлия бір сан ойлап, оны 5 есе кемітті, нәтижесін 15 475-ке арттырып, 450 235 санын алды. Әлия қандай сан ойлады?

ә) Сол жақ бөлігіндегі амалдардың орындалу ретін белгіле. Теңдеуді шеш.

$$1\,590 + 17\,550 : k = 1\,860$$

2. Асхат әкесіне жылдам есептеуге көмектеседі. Калькулятордың көмегімен есепте.

135 789 357 – 128 765 456 =

578 900 576 – 100 135 434 =

17 600 065 – 7 135 940 =

236 000 090 + 708 765 432 =

100 135 879 + 135 056 876 =

675 135 000 + 5 463 135 =

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	

135. Санды және әріпті өрнектер. Өрнектерді түрлендіру

Санды және әріпті өрнектерді түрлендіруді үйренесің.

1. Сол жақ бағандағы өрнектердің оң жақ бағаннан жұбын табыңдар. Оларды сызып қос.

$5x + 3x + 4$	$8a$
$4a \cdot 3$	$12a$
$2a - a + 7a$	$45x$
$12x - 7x + 2$	$8x + 4$
$4x \cdot 6 \cdot 2$	$2 + 5x$
$9 \cdot x \cdot 5$	$48x$

2. Кестені толтыр. Есеп бойынша өрнек жаз және сол өрнекті түрлендір.

Үш себетке алмалар салынған. Себеттерде барлығы қанша алма бар?

1-себет	2-себет	3-себет
Алма	1-себетке қарағанда 3 есе артық	1-себетке қарағанда 4 есе артық
а		

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	

136. Теңдеулер. Теңдеуді түрлендіру тәсілімен шешу

Теңдеулерді түрлендіру тәсілімен шешуді үйренесің.

1. Теңдеу құр және олардың түбірін тап.

а) Үш қосылғыштың қосындысы – 97 089. Бірінші қосылғыш – 5 674, екіншісі – 73 478. Үшінші қосылғыш нешеге тең?

ә) Азайғыш – 5 000, азайтқыш – белгісіз сан мен 876-ның қосындысы. Айырма – 1 090. Белгісіз санды тап.

б) Үш санның көбейтіндісі 3 780-ге тең. Бірінші көбейткіш – 12, екіншісі – 35. Үшінші көбейткіш нешеге тең?

2. Кешке қарай автоматтарға түскен ақшаларды, мәнеттерді санайды. Автотұраққа қойылған көлік үшін АҚШ-тың 25 центімен төлем жасалады. Түскен ақшаны есепте.

		
568 · 25	6 948 · 25	10 008 · 25

Санды 25-ке көбейткен кезде 4-ке бөліп, екі нөл тіркеген (100-ге көбейткен) ыңғайлы екендігін есіңе түсір. Егер сан 4-ке бөлінбейтін болса, бір нөл тіркеп 4-ке бөледі де, бөліндінің мәніне тағы бір нөл тіркейді.

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	
4	

137. Санды және әріпті өрнектер

Санды және әріпті өрнектерді түрлендіресің. Әріптердің берілген мәнінде бірнеше айнымалысы бар өрнектердің мәнін табуды үйренесің.

1. Алдымен ықшамда, содан кейін әріптің мәнін қойып, оны есепте.

$(a + b) \cdot 235 + 349 \cdot a + 35 \cdot b$

$456 \cdot (c + d) - 55 \cdot d$

$a = 3$	$b = 2$	$c = 4$	$d = 5$

$134 \cdot (a - b) - 767 \cdot b + 490 \cdot a$

$306 \cdot c - (15 \cdot d + 45 \cdot d)$

$a = 3$	$b = 2$	$c = 4$	$d = 5$

2. Сурет бойынша өрнек құрастыр. Алдымен ықшамда, содан кейін әріптердің мәнін ойлап тауып, есепте.

Сусын сататын автоматта 10 және 20 центтік ***a*** мәнет және 50 центтік ***b*** мәнет болды.

a мәнет	***a*** мәнет	***b*** мәнет
10 евро цент	20 евро цент	50 евро цент

138. Есепке айнымалысы бар өрнектер құру

Айнымалысы бар өрнектер құруды және оларды есепті шығару үшін қолдануды үйренесің.

1. Есеп бойынша өрнек жаз. Әріптерге өзің мән таңдап көр және есепті шығар.

а) Айнұр ***n*** км жол жүрді. Егер ол жолға ***d*** сағ жұмсаған болса, оның жылдамдығы қандай?

ә) Болат ***y*** м/мин жылдамдықпен ***x*** м жүгірді. Ол осы арақашықтықты қанша уақытта жүгіріп өтті?

б) Пойыз 3 сағатта ***d*** км жол жүрді. Пойыздың жылдамдығы қандай?

в) Қоймада бір күнде x қап цемент сатылады, бұл барлық цементтің $\frac{1}{4}$-ін құрайды. Қоймада барлығы қанша қап цемент болған?

2. Төрт оқушы мектептің қасынан өтіп бара жатқан көліктерді 1 сағ бойы бақылады.

Кестеде олардың жүргізген бақылауларының нәтижесі келтірілген.

Көлік түрі	Саны
Жеңіл мәшине	60
Велосипед	30
Автобус	10
Жүк көліктері	20

Әр оқушы диаграмма сызып, оған кестеде берілген бақылау нәтижелерін көрсетті.

Қай диаграммада осы нәтижелер дұрыс көрсетілген?

а)



ә)

жеңіл көлік 

велосипед 

автобус 

жүк көлігі 

1 дөңгелек – 10 көлікті білдіреді

б)



г)



139. Есепті шығаруда санды және әріпті өрнектерді қолдану

Санды және әріпті өрнектерді түрлендіресің, айнымалысы бар өрнектер құрасың және оларды есеп шығару үшін қолданасың.

1. Есепті амалдар бойынша шығар.

Анасы бірдей бағада 4 кг орамжапырақ пен 9 кг картоп сатып алды. Картопқа 150 руб. артық төледі. Орамжапыраққа қанша рубль төленген? Барлық сатып алынған затқа қанша ақша төленді?

	Бағасы	Саны	Құны
Орамжапырақ	бірдей	4 кг	? руб. ← ?, 150 рубльге артық } ? руб.
Картоп		9 кг	

2. №1-есеп бойынша алынған соманы қағаз ақшамен және мәнеттермен жинауға тырыс. Қажетті ақшалар мен мәнеттерді қоршап сыз.

50 тиын

10 тиын

50 руб.

5 тиын

1 тиын

500 руб.

10 руб.

50 тиын

10 тиын

100 руб.

5 тиын

1 тиын

1 000 руб.

50 рубл.

---

50 тиын

10 тиын

100 руб.

5 тиын

1 тиын

5 000 руб.

100 руб.

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	
4	

140. Бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектерді салыстыру

Бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектердің мәндерін салыстыруды үйренесің.

1. Балалар қолдан бұйым жасау үшін бірдей қағаз парақтарын бояды. Кім қанша бояғанын бөлшек түрінде жаз және жұптап салыстыр.





2. Есепте. Салыстыр.

$\frac{6}{9} * \frac{6}{9} - \frac{6}{9}$ $\frac{27}{70} * \frac{35}{70}$

$\frac{42}{80} * \frac{22}{80} + \frac{19}{80}$ $\frac{48}{100} * \frac{30}{100} + \frac{55}{100}$

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	

141. Бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектерді салыстыру

Бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектердің мәндерін салыстырасың.

1. Салыстыр.

$$\frac{60}{80} + \left(\frac{50}{80} - \frac{15}{80}\right) * \frac{70}{80} - \frac{15}{80}$$

$$\frac{90}{100} - \left(\frac{20}{100} + \frac{4}{100}\right) * \frac{2}{100} + \frac{60}{100}$$

$$\frac{28}{80} + \left(\frac{50}{80} - \frac{15}{80}\right) * \frac{70}{80} - \frac{15}{80}$$

2. Пицца теңдей 10 тілімге бөлінді. Әкесі үш тілім, анасы мен Дана бір тілімнен жеді. Ал анасы мен Дана бірге қан-

ша тілім жесе, Мұрат сонша тілім жеді. Ыдыста пиццаның қандай бөлігі қалды? Жаз.

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	

142. Қорытындылау

Алған біліміңді жинақтап, қорытындылайсың.

1. Есепті шығар.

Бірінші жер телімінен 28 қап, екіншісінен дәл осындай 23 қап картоп жиналды. Бірінші жер теліміне қарағанда екіншісінен 250 кг картоп кем жиналды. Әр жер телімінен қанша килограмм картоп жиналған?

	1 қаптың массасы	Қаптың саны	Жалпы массасы
1-жер телімі			
2-жер телімі			

2. Әріпті өрнек жаз және оны түрлендір (ықшамда). Өзің ***х***-ке мән таңдап, есепте.

вареник-тер – ***х***	вареник-тер – ***х***	вареник-тер – ***х***

вареник- тер – *x*	вареник- тер – *x*	вареник- тер – *x*
вареник- тер – *x*	вареник- тер – *x*	вареник- тер – *x*

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	

143. Өзіңді тексер

Нені үйренгеніңді тексересің.

1. Қос теңсіздіктің шешімдер жиынын таба аламын және түсінемін.

а) Қос теңсіздікті жеке екі теңсіздікке ауыстыр.

$$12 < x < 15$$

ә) Сан сәулесіне қос теңсіздіктің шешімдер жиынын белгіле. Шешімдер жиынын фигуралы жақшаның көмегімен жаз.

$$4 < x < 8$$

$1 < x < 5$

2. Теңдеулерді шешуде өрнектерді ықшамдау ережесін қолданамын.

Теңдеулерді шеш.

$50\,x + 40\,x = 540$

$258x + 2x - 80 = 700$

3. Бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектерге талдау жасай аламын және салыстырамын.

Салыстыр.

$$\frac{2}{13} + \frac{5}{13} * \frac{11}{13} - \frac{5}{13}$$

$$\frac{12}{20} - \frac{5}{20} * \left(\frac{11}{20} + \frac{15}{20}\right) - \frac{7}{20}$$

4. Есеп бойынша әріпті өрнек құра аламын. Есеп бойынша әріпті өрнек жаз.

260 кг қызанақ жиналды. Қызанақ ***n*** жәшікке 24 кг-нан салынды. Неше килограмм қызанақ қалды? Мұндағы ***n*** 8-ге тең деп алып, есепте.

5. Өрнектегі амалдардың орындалу ретінің дұрыстығын тексеремін.

Әлия өрнектегі амалдардың орындалу ретін дұрыс қойды ма, тексер. Қатесін түзетіп, өрнектің мәнін есепте.

$$221 \overset{3}{\cdot} 384 \overset{2}{:} (52\,014 \overset{1}{-} 51\,975)$$

$$1\,508 \overset{3}{\cdot} 214 \overset{2}{:} (48\,000 \overset{1}{-} 47\,884)$$

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	

Есептер

144. Есептеудің және есептерді шығарудың тиімді тәсілдері

3-4 амалмен орындалатын есептерді әртүрлі тәсілмен шығаруды, тиімді тәсілді анықтауды үйренесің.

1. Тікбұрыштардың ауданы мен тікбұрышты параллелепипедтің көлемін әртүрлі тәсілмен есепте. Мұндағы: ***a*** = 50 см, ***b*** = 30 см, ***c*** = 10 см.






c
a
b


c
b
a

1. Есепті әртүрлі тәсілмен шығар.

Ғарышкерлерге арналған азық-түлік орамында 100 грамдық 6 сықпа тосап бар. Егер қорапқа осындай 12 орам тосап сыятын болса, қанша грамм тосапты орау керек? Осындай 3 қорапта қанша сықпа бар?

1-тәсіл

2-тәсіл

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	
4	

145. Есептеудің және есептерді шығарудың тиімді тәсілдері

3-4 амалмен шығарылатын есептерді санды өрнек және теңдеу түрінде тиімді тәсілмен шығарасың.

1. Есепті теңдеу құрып шығар.

Ұзындығы 1 500 м сым орамынан бірдей 3 бөлік кесіп алынғанда, орамда 150 м қалды. Кесіп алынған әр бөліктің ұзындығы қандай?

2. Әлия мысығына тағам мен гигиеналық толтырма сатып алу үшін дүкенге келіп, баға көрсеткіштерін қарай бастады.

№1-тағам. Паштет жастық-шалар, 350 гр	№2-тағам. Марғауларға арналған сиыр етінен әзірлен-ген желе, 85 гр	Мысықтарға арналған гигиеналық толтырма, 5 л
557 тг	134 тг	2 923 тг

Әлияға есептеуге көмектес. Өрнек құр.

а) Екі қорап паштет жастықша, үш қалта желе және бір қорап толтырманың жалпы құны.

ә) Екі қорап паштет жастықша мен үш қалта желенің бағасы бір қорап толтырмадан қанша арзан?

б) Бір қорап паштет жастықшаның бағасы бес қалта желенің бағасынан қанша арзан?

в) Бір қорап паштет жастықшаның орнына неше қалта желе сатып алуға болады?

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	

146. Есептер шығару

Есептерді санды өрнек және теңдеу құрып, әртүрлі тәсілмен шығарып, талдайтын боласың.

1. Есеп бойынша теңдеу құр.

а) Нұргүл бір сан ойлап, оны 12 есе кемітті, шыққан санды 12 345-ке арттырғанда, 27 870 шықты. Нұргүл қандай сан ойлады?

ә) Нұрлан ойлаған санын 100 есе арттырып, 1 600 бен 24 000 сандарының қосындысына тең сан алды. Нұрлан ойлаған сан қандай?

б) Әлия ойлаған санын 30 985-ке азайтып, шыққан санды 15 есе кемітті, нәтижесінде 12 000 мен 9 731 сандарының айырмасына тең сан шықты. Әлия ойлаған сан қандай?

2. Баға көрсеткішінде бір дананың бағасы көрсетілген. Анасы жеңілдіктерге дейін мынадай тағамдар жиынтығын сатып алды: 2 қорап айран, 8 қорап йогурт, 2 қорап тәтті сүзбе және бір қаптама сүт.

Ал жеңілдіктер басталған кезде әжесі дәл осындай жиынтықты арзанға алды. Әжесі қанша үнемдегенін анықта.

	Бағасы	Жеңілдік
Йогурт	333	243
Сүзбе	172	139
Айран	309	249
Сүт	335	243

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	
3	

147. Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерді шығару

Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерге талдау жасауды және шығаруды үйренесің.

1. а) Егер ***a***, ***b***, ***c***. өлшемдері белгілі болса, параллелепипедтің көлемі қанша?



ә) Егер параллелепипедтің көлемі $V = 48$ м^3 болса, биіктігі қанша?



б) Текшенің көлемі $V = 64$ см^3. Оның қабырғалары нешеге тең?



$a = ?$

а)

ә)

б)

2. Жылу батареясының (радиатор) бөліктерінің саны ғимараттың көлеміне байланысты болады. 10 м^3-ге бір бөліктен есептеледі. Егер ғимараттың ауданы мен биіктігі белгілі болса, жылу батареясының бөліктерін қалай таңдауға болады.

	S ауданы, м^2	***h*** биіктігі, м	***V*** көлем, м^3	Батареядағы бөлік саны (дана)
1	20	3		
2	30	3		

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	

148. Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерді шығару

Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерге талдау жасайсың және шығарасың.

1. Құрастырмадағы бір кіші текшенің қабырғасының ұзындығы суретте көрсетілген. Болат жасаған құрастырманың көлемін тап.



1.



2.



3.

2. Егер суретте берілген жазбаны жинайтын болса, онда тіктөртбұрышты қорап шығады. Осы қораптың көлемі нешеге тең?



3. Кестені тіктөртбұрышты параллелепипед туралы мәліметтермен толықтыр. Кестені толтыр.

	1	2	3	4
a	17 см	61 дм	250 м	280 м
b	8 см	20 дм		23 м
c	15 см		30 м	3 м
V		39 040 дм^3	150 000 м^3	

№	Менің қолымнан келеді
1	
2	

Оқулық басылым

Ақпаева Әсел Бакировна
Лебедева Лариса Анатольевна

МАТЕМАТИКА

№ 7-жұмыс дәптері

Арнайы мектептердің (сыныптардың)
көру қабілеті бұзылған (нашар көретін)
4-сынып оқушыларына арналған

Редакторы Л. С. Ахметова
Әдіскері Ф. С. Лекерова
Дизайнері Е. С. Жүзбаев
Мұқаба Е. С. Жүзбаев
Суретін салғандар: Б. Б. Болатов, Е. А. Ромахова
Беттеушілер: Г. А. Матақбаева, С. К. Ильясова

«ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде
үлкейтілген қаріпке бейімдеген:
Р. К. Шаканова

Басуға 25.05.2021 ж. қол қойылды.
Есептік баспа табағы 4,5. Шартты баспа табағы 7,56.
Пішімі 84x108 $^{1}/_{16}$.
«Helvetica Neue LT» гарнитурасы. Офсеттік қағаз